

**« Сазген» бөбекжай-балабақшасы»ЖШС**

# **Өндірістік кеңес хаттамасы**

2022-2023 оқу жылы

## **«Сазген» бөбекжай-балабақшасы» ЖШС**

### **Өндірістік кеңестің №1 хаттамасы**

**Қатысқандар:8**

**08.08.2022**

#### **Күн тәртібінде:**

1. Жаңа оқу жылына дамытушы орта құрылуы, толықтыру.
2. Балалар тізімін анықтау, жас ерекшелігіне сай топтарға бөлу.
3. «Бала қауіпсіздігі және қызметкерлердің өз өмірі қауіпсіздігі сақтау жөнінде нұсқау жүргізу.

#### **1.Тыңдалды:**

Балабақша меңгерушісі Э.Раймулова « Жаңа оқу жылына дамытушы орта құрылуы, толықтыру » тоқталып өтті.

Біздің басты мақсатымыз балаларды толыққанды дамыту - қимыл белсенділігіне жағдай жасау, пайдалы және құнарлы тамақтандыру, жағымды қарым-қатынас орнату және дамытушы ортаны ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етілетін баланың физикалық, психологиялық, элеуметтік, эмоционалдық денсаулығы мен қауіпсіздігі болып табылады.

Жаңа оқу жылында жаңа стандарт талаптарын, жаңа үлгілік оқу жоспарына сәйкес оқу тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда балабақшамыздың ішкі жағдайында балаларды тәрбиелеуде, балалардың қызығушылықтарына сәйкес заттық-дамытушы ортаны құру және қызықты ойын түрінде өткізу көзделеді, талаптарды ескере отырып, толықтырулар жүргізуді тапсырды.

#### **2. Тыңдалды:**

Балабақша әдіскері Т.Бекболатова Балалар тізімін анықтау, жас ерекшелігіне сай топтарға бөлу мәселесіне тоқталып, 2022-2023 оқу

жылындағы балалардың жас ерекшелігіне сай топтарға бөлу, тәрбиешілерді бекіту кестесімен таныстырды. Ересек «Ақ көгершін» -25 бала, 4 – жасар балалар, тәрбиеші: Ж.Сәңгілова. Ортаңғы «Балапан»-25 бала 3 жасар балалар, тәрбиешісі: А.Тәттібай



**3.Тыңдалды:** Балабақша меңгерушісі: Э.Раймкулова «Бала қауіпсіздігі және қызметкерлердің өз өмірі қауіпсіздігін сақтау» жөнінде нұсқаулықпен таныстырып өтті. Қауіпсіздікті және қауіпсіздік тудыратын жағдайлардың алдын алу, ұқыпты болу, жауапкершілік сезіну мен ереже талаптарды қатаң сақтауды тапсырды. Ғимараттарда өрт сөндіруші құралдардың өз орнында және түгел болуы, пайдалану, колдану жұмыстары екі реттен кем емес тексерістен өткізуді шаруа меңгерушісіне тапсырды.

### **Шешім:**

1. Жаңа оқу жылында жаңа стандарт талаптарын, жаңа үлгілік оқу жоспарына сәйкес оқу тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда балабақшамыздың ішкі жағдайында балаларды тәрбиелеуде, балалардың қызығушылықтарына сәйкес заттық - дамытушы ортаны құру, толықтыру.  
Жауаптылар: Тәрбиешілер. Тәрбиеші көмекшілері, Шаруа меңгерушісі: Г.Агмасова

2. 2022-2023 оқу жылындағы балалардың жас ерекшелігіне сай бөлінген топтар тәрбиешілер тәрбиеші көмекшілері өз міндеттерін жауапкершілікпен атқарсын. Жауаптылар: Тәрбиешілер, Тәрбиеші көмекшілері

3. Балабақшада өз қауіпсіздігі, балалар қауіпсіздігін сақтау ереже талаптарын қатаң сақтау. Жауаптылар: Әдіскер: Т.Бекболатова, тәрбиешілер, тәрбиеші көмекшілер, Медике: А.Сагиндикова

**Төрайым:**

**Хатшы:**



**Э.Раймкулова**

**А.Тәттібай**



# **«Сазген» бөбекжай-балабақшасы» ЖШС**

## **Өндірістік кеңестің №2 хаттамасы**

**Қатысқандар:8**

**05.12.2022**

### **Күн тәртібінде:**

1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы

2.Жылу мәселесі.

3. Мектепке дейінгі ұйымдарында Жаңа жыл мерекесіне арналған іс шараларға дайындық барысында әрбір тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қауіпсіздік нұсқаулығымен таныстырып

4.Балалар жылы 2022 атап өтуге дайындық жұмыстар

### **1.Тыңдалды:**

Балабақша әдісеркері Т.Бекболатова -Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөніндегі мәселелерге тоқталып өтті. Балабақшамыздың ішкі жағдайында балаларды тәрбиелеуде, балалардың қызығушылықтарына сәйкес заттық-дамытушы ортаны құру толықтырулар жүргізілді. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны мен міндеттерінің орындалу мақсатына сай, сапалы, бала зейінін аударатын, ыңғайлы етіп орналастырылған. Ойын түрінде ұйымдастырылған іс-әрекеттер өтуде.

### **2.Тыңдалды:**

Балабақша меңгерушісі: Э.Раймкулова –Жылу мәселесіне тоқталды. Балабақша ішінің температурасы 20-22 градус жылулықты көрсетуде, барлық бөлмелері жылы, қазандық пештері бірқалыпты жақсы жұмыс істеуде.

### **3.Тыңдалды:**

Балабақша меңгерушісі: Э.Раймкулова Балабақшада Жаңа жыл мерекесіне арналған іс-шараларға дайындық барысында әрбір тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде ҚР ОАМ Балаларды ерте дамыту институтының " балабақшада жаңа жыл мерекесін өткізуге арналған нұсқаулығымен танысып, талқылады. Безендіру жұмыстарының дизайнына және қауіпсіздік шараларына мән беруді, залды, дәлізді, топты



шығармашылықпен безендіру, мерекедегі жеке орындауға костюмдер мен атрибуттарды дайындау балалардың қызығушылығын тудырады, оларды ерекше әсерге бөлейді деп тапсырды.

Дегенмен қауіпсіздік ережесін сақтау, оны қадағалауды әдіскер мен медбикеге тапсырамын деді. Балабақша меңгерушісі Э.Раймкулова балабақшада балалар жаңа 2023 жылды атап өтуге дайындық жұмыстар жүргізуде. Балабақша меңгерушісі Э.Раймкулова ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялады. Балаларың құқығын қорау мен сапалы біліммен қамту, қауіпсіз ортада өмір сүруіне ықпал ететін, мүмкіндік беретін іс-шаралар өтуді жоспарлауды әдіскерге тапсырамын деді. Әдіскер Т.Бекболатова Бала -бауыр етіміз ұрпағымыздың жалғасы балалар жылына орай балабақшамызға тәрбиеленушілеріміздің ішінде бір егіз жұп бар екен осы егіздермен және ата-аналармен бірге «Егіздер тәңірдің берген сиы» іс-шара жоспаралап, осы айдың 6-шы желтоқсан күні өтуді жоспарладым, себебі жасыл шырша мерекесі таяп қалды деді. Меңгеруші Э.Раймкулова іс-шара жоспарын бекітіп барлық педагогтардың атсалысуын, балаларға, ата-аналарға жоғары деңгейде жан-жақты жағдай жасалуын жоғары деңгейде өткізуін тапсырды.

### Шешім:

1. Балабақша ішінің температурасы 20-22 гр жылулықта тұруы барлық бөлмелері жылы, қазандық пештер жақсы жұмыс жасауын қадағалауды медбике А.Сагиндиковаға тапсырылды.

2. Қауіпсіздік ережесін сақтау, оны қадағалауға жауапты әдіскер Т.Бекболатова мен А.Сагидикова

Төрайым :

Хатшы:



Э.Раймкулова

А.Тәттібай



## «Сазген» бөбекжай-балабақшасы» ЖШС

### Өндірістік кеңестің №3 хаттамасы

Қатысқандар:8

03.03.2023

#### Күн тәртібінде:

- 1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша мектепке дейінгі ұйымдардың қызметкерлеріне, ата-аналарға арналған Жадынама туралы
- 3.Балабақша ауласын көгалдандыру,тазалық жөнінде

**1.Тыңдалды:** Балабақша медбикесі балабақша ішінің температурасын бір қалыпты болғанын. Әр бөлменің жылуы 20-22 градуста қазандықтарды бір қалыпты қауіпсіздігі сақталғанын айтты. Жалпы балабақша бойынша жан жақты қауіпсіздік сақтық шаралары сақталғанын мәлімдеді.

**2.Тыңдалды:** Балабақша әдіскері: Т.Бекболатова тәрбиешілермен біргелікте ата-аналар чатында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін тек қана тәрбиешілер емес, ата-аналарда атсалысу керектігін түсіндіріп өтті. Әдіскермен тәрбиешілер бірлесе отырып жадынама жасалды. Жадынамада баланың үйдегі қауіпсіздігі пышақ,қайшы, сіріңке,спирттік өнімдерді жоғары қою керектігін сонымен қатар жолда жүру ережесін сақтау керектігін, балабақшаға балаларды әкелгенде, алып қайтқанда үлкен жауапты ересек адамдардың болғанын түсіндірді. Жадынамада бала қауіпсіздігі үшін басқа түрлі тақырыптарда мәселе қозғалды. Барлық ата-ана бір ауыздан келісім беріп, сұқбат сәтті өтті.

**3. Тыңдалды:** Балабақша меңгерушісі: Э.Рамйкулова көктем мезгілі келіп енді балабақшаның ішкі және сыртқы ауласының тазалық жұмыстарын жүргізу керектігін, сыртқы алаңдағы гүлдердің ағаш түптерін әктеп оларға керекті күтім тиісті деңгейде жасалу керектігін айтты. Аулаға түрлі әсем гүлдер егілсін деп сөзін аяқтады. Аулаға тазалық жұмыстарын жүргізуді Медбике А.Сагиндиковаға , Жұмысшы Д.Пайзуллаға жүктеді.

**Шешім:**

1.Балалардың өмір қауіпсіздігі қадағалансын. Сақтық шаралары жүргізілсін. Жауапты: әдіскер Т.Бекболатова, тәрбиешілер.

2. Ата-аналармен қауіпсіздік жаднамасы бойынша ұдайы жұмыстар атқарылсын. Жауапты: Т.Бекболатова, тәрбиешілер.

3. Аула тазалығы,көгалдандыру жұмыстары жүргізілсін. Жауапты: медбике, жұмысшы Д.Пайзулла.

**Төрайым:**

**Хатшы:**



**Э.Раймкулова**

**А.Тәттібай**



## «Сазген» бөбекжай-балабақшасы» ЖШС

### Өндірістік кеңестің №4 хаттамасы

Қатысқандар:8

11.05.2023

#### Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Жазғы сауықтыру шараларын бекіту
3. Медициналық кеңестер
4. Жазғы жөндеу жұмыстары жөнінде

1.Тыңдалды: балабақша әдіскері: Т.Бекболатова, медбике А.Сагиндикова жұмысшы Д.Пайзулла өткен кеңес шешімі бойынша балабақша толықтай сақтық шаралары жүргізілді, баланың балабақшада қауіпсіздігі сақталып, ата-аналармен де баланың өмір қауіпсіздігі жөнінде жадынама жүргізілді. Аула тазалығы, көгалдандыру, гүлдер, ағаштар егу жұмыстары жүргізілді деп есебін аяқтады.

2.Тыңдалды: Балабақша әдіскері Т.Бекболатова жоспар бойынша жазғы маусымда түрлі іс-шаралар, сайыстар, ата-анамен бірлескен іс-шаралар өткізетінін ол үшін тәрбиешілердің баршасы атсалысып жұмыс жасауы керектігін айтты. Егер ата-аналармен бірлескен іс-шараларды көбірек өткізсек балабақшамен арадағы қарым-қатнасты едәуір нығайтып, бақшаға деген ата-ананың көзқарасы жақсы жаққа өзгереді. Тәрбиешілер келісті.

3.Тыңдалды: Балабақша медбикесі: А.Сагиндикова жазғы маусым басталған кезде көптеген жұқпалы аурулардың таралатын және ол аурулар жуылмаған жемістерден, балалар ойнап келіп қолды жумай тамақ жегеннен жұғатынын ескертті. Сондай-ақ жазда көптеген улы жәндіктер соның ішінде кене шағып алудан сақтану керектігін, ол үшін ата-аналар да, тәрбиешілер де балаларды шөп, қалың өскен жерге ойнатпауға, жібермеуге кеңес береді. Тәрбиешілер бір ауыздан медбике кеңесімен келісті.



4.Тыңдалды: Балабақшаның шаруа меңгерушісі: Г.Агмасова жазғы маусымға дайындық ретінде балабақшаның сыртқы ауласын ретке келтіріп жатқанын, барлық өткеншектерді жөндеуден өткізіп жатқандығын сондай-ақ балабақша ішінде тиісті жөндеу, сырлап әктеу жұмыстарын жүргіземіз деп айтты. Балалар қауіпсіздігі сақталады деп айтты.

### **Шешім:**

1. Жазғы сауықтыру шаралары тиісті деңгейде өз уақытында өткізілсін. Сақтық шаралары қамтамасыз етілсін.
2. Балабақшаның ішкі және сыртқы бөліктеріне әктеп-сырлау жұмыстары жүргізілсін. Өткеншектер жөнделіп, ойын алаңдары тазартылсын.

**Төрайым:**

**Хатшы:**



**Э.Раймкулова**

**А.Төттібай**